

“Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы” тақырыбындағы мектепшілік семинар бағдарламасы

Өтетін орны: № 40 жалпы білім беретін орта мектебі. 204 кабинет

Қатысушылар: 8-9-10-11 класс қыз балалар

Өтетін күні: 31.10.2023ж.

Жауапты: мектеп психологі Баймишева А.М.

Танымдық сабақтың мақсаты: жеке тұлғаның дамуына көңіл бөлу, өмірге қажетті дағдыларды дамыту, өмірдегі жағымсыз жағдайлармен күресе білуге үйрету.

Қажетті құрал-жабдықтар: музыкалық колонка, ақ парақтар, түрлі-түсті карандаштар, Дилтс пирамидасының сызбасы, ватман, метафоралық ассоциативті карта, суретті карточкалар.

Ұйымдастырушы: *(Білім алушыларға сабақ мақсаты, барысы туралы баяндайды)* Отанымыздың да, отбасымыздың да алтын босағасы - әйел адам, әйел - адал ана, ол да қыз болған. Әрбір ана қыз баласын елге сыйлы, өнегелі, кішіге үлгі болатындай әркез жақсы жағынан көрсем деп өзінің бойындағы өмірден алған тәлім-тәрбиесін үйретумен болады. Міне сондықтан, анаға кір келтірмейтін, мақтанышы болам деген қыз баланың ойында анаға деген сүйіспеншілік болуы қажет. “Аяғына қарап асын іш, анасын көріп қызын ал” дегене ата-бабамыздың асыл сөзі осының айғағындай. Өнегелі, тәрбиелі қыз бала қандай болуы керек? Қыз- өмірдің қызғалдағы, қыздар болашақ ана, бақыт - байлық ошағы, адамзаттың өсіп-өркендеп, тәлім - тәрбие алатын қасиетті ұясы. “Тәлімді ана, тәрбиелі келін” атанады. Қызға тән қасиеттер: қарапайымдылық, сабырлылық, тәрбиелілік, білімділік, тазалық, жинақылық, әдемілік, қылықтылық, мейірімділік, еркелік, ақылдылық.

“Қуыршақ” терапиясы, қатысушылар қағаздан қолдың көмегімен қуыршақтың бейнесін кесіп, бояп, сол қуыршақ туралы әңгімелеу қажет.

Дилтс пирамидасы арқылы қыз баланың миссиясы, идеалы анықталады. Пирамидада білім алушының айналасы, мінез-құлқы, мүмкіндігі, сенім мен құндылығы, болмысы, идеал мен миссиясы туралы баяндайды. Бұл пирамида тапсырмасын ватманға екі топқа бөлініп орындайды.

«5 құндылық» тренингі, мақсаты: өміріндегі бар құндылықтардың қадірін түсінуге негізделген.

«Мен қандаймын?» сергіту тренингі, білім алушылардың сергітуге бағытталғна жаттығу.

«Бейсана кеңестері» метафоралық ассоциативті карталармен жұмыс өткізіледі. Қатысушылар карточка таңдап, өз ішкі сезімдерімен, жай-күйімен таныстырады, содан соң бейсаналы түрде таңдаған карточкада суретке жауабын оқи алады.

Семинар соңында рефлексия өткізіледі. **Рефлексияда** қатысушы қыз балалар суретті карточка таңдап, өткізілген сабақ туралы өз пікірін карточкадағы сурет арқылы баяндайды.

Мектеп психологі: Баймишева А.М.

№ 40 жалпы білім беретін орта мектебі
Тақырыбы: “Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы” мектепшілік танымдық сабақ
2023-2024 оқу жылы

Өткізілген орны: 204 кабинет

Қатысушылар: 8-9-10-11 класс қыз балалар

Өткізілген күні: 31.10.2023ж.

Өткізген: мектеп психологі Баймишева А.М.

Танымдық сабақтың мақсаты: жеке тұлғаның дамуына көңіл бөлу, өмірге қажетті дағдыларды дамыту, өмірдегі жағымсыз жағдайлармен күресе білуге үйрету.

Жоспар:

- Қызға тән қасиеттер туралы ақпарат берілді
- “Қуыршақ” терапиясы.
- Дилтс пирамидасы постер қорғатылды.
- «5 құндылық» тренингі
- «Мен қандаймын?» сергіту тренингі
- «Бейсана кеңестері» метафоралық ассоциативті карталармен жұмыс
- Рефлексия

